

8D06103 – «Management information systems» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға «Онтологиялық тәсіл негізінде құқыққа қайшы мәтіндік ақпарат мониторингінің ақпараттық-талдамалық жүйесін әзірлеу» тақырыбындағы Ыбытаева Галия

Сейткалиевнаның диссертациялық жұмысына

## ПКІР

Г.С. Ыбытаеваның «Онтологиялық тәсіл негізінде құқыққа қайшы мәтіндік ақпарат мониторингінің ақпараттық-талдамалық жүйесін әзірлеу» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы қазіргі таңдағы өзекті мәселені зерттеуге арналған ғылыми жұмыс болып табылады. Жұмыстың маңыздылығы мен өзектілігі интернет-контенттегі ықтимал терроризмнің, экстремизмнің және басқа да құқыққа қайшы және зорлық-зомбылық әрекеттерінің цифрлық іздерін анықтау қажеттілігіне негізделген.

Диссертацияның мақсаты мен міндеттері нақты тұжырымдалған. **Зерттеудің мақсаты** Интернет желілерде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің құқыққа қайшы мәтіндерін автоматты сәйкестендіру жүйесінің ақпараттық моделін әзірлеу болып табылады. Диссертациялық жұмысты орындау барысында келесі **зерттеу міндеттері** қойылды: онтологиялық тәсіл негізінде құқыққа қайшы мәтіндік ақпарат мониторингінің қазіргі заманғы әдістері мен модельдерін талдау; қазақ, орыс, украин және ағылшын тілдеріндегі Интернеттің криминалистік маңызды мәтіндерінің корпустарын және онтологиялық тәсілге негізделген криминалистік маңызды мәтіндердің корпустарын автоматты семантикалық белгілеу құралдарын әзірлеу; көптілді терминологиялық тезаурус құру; «Құқыққа қайшы интернет-контент» онтологиясын құру; криминалистік маңызды мәтіндердің мамандандырылған корпустарын автоматты семантикалық белгілеу әдісі мен құралдарын әзірлеу; онтологиялық тәсіл негізінде құқыққа қайшы мәтіндік ақпарат мониторингінің ақпараттық-талдамалық жүйесін әзірлеу.

Г.С. Ыбытаева диссертациялық жұмысының алға қойған мақсаты мен міндеттеріне орай зерттеуді жүргізуінің барысында төмендегі **ғылыми жаңалықтарға** қол жеткізген:

- Интернеттің криминалистік маңызды көптілді мәтіндерінің корпустары және онтологиялық тәсілге негізделген криминалистік маңызды мәтіндердің корпустарын автоматты семантикалық белгілеу құралдары жасалды.
- Көптілді терминологиялық тезаурус және «Құқыққа қайшы интернет-контент» онтологиясы құрылды.
- Онтологиялық тәсіл негізінде құқыққа қайшы мәтіндік ақпарат мониторингінің ақпараттық-талдамалық жүйесі әзірленді.


Г.С. Ыбытаева ҚР ФЖБМ ФК Ақпараттық және есептеу технологиялары институтының «Компьютерлік инженерия» зертханасында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізді. Диссертациялық жұмыс «Онтологиялық тәсіл негізінде көптілді құқыққа қайшы веб-контентті автоматты іздеу және талдау

жүйесінің ақпараттық моделі және бағдарламалық құралы» – AP09259309 (2021-2023 жж.) КР ФЖБМ гранттық зерттеулер жобасы аясында орындалды.

Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларында 11 ғылыми мақала жарияланған, оның ішінде 3 мақала КР ФЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда, 2 мақала Scopus және Web of Science деректер қорына кіретін басылымдарда, 6 – халықаралық конференцияларда жарияланды және 1 монография жарықта шықты. ЭЕМ-ге арналған бағдарламаға 2 авторлық қуәлік және Жетісу облысының Полиция департаментінің Криминалдық полиция басқармасынына диссертациялық зерттеу нәтижелерін енгізу туралы акт алынды.

Г.С. Ыбытаеваның «Онтологиялық тәсіл негізінде құқыққа қайшы мәтіндік ақпарат мониторингінің ақпараттық-талдамалық жүйесін әзірлеу» диссертациялық жұмысы КР Ғылым және жоғары білім министрлігімен осы деңгейдегі біліктілік жұмыстарына ұсынатын қағидаларға сәйкес келеді, диссертациялық жұмысты 8D06103 – «Management information systems» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық Кеңестің отырысында қорғауға жіберуге болады.

Ғылыми кеңесші,  
КР ФЖБМ ФК «АЕТИ» ШЖК РМК  
бас директорының орынбасары,  
PhD, қауымдастырылған профессор



О.Ж. Мамырбаев